**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 203 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1315 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 621 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 621 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 203 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 6, 52-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне, "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақта:

Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Садықов Махат Кәбірұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті төрағасының орынбасары

Қалижанов Уәлихан Қалижанұлы - Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты

Қозыбаев Сағымбай Қабашұлы - Қазақстан Республикасы Журналистер академиясының президенті

Якушенко Владимир Матвеевич - "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" коммерциялық емес акционерлік қоғамы бас директорының орынбасары

Соловьева Айгүл Сағадыбекқызы - Қазақстан Азаматтық альянсінің президенті

мына:

"Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің меңгерушісі"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары";

көрсетілген құрамнан Ақпенова Раушан Төлеуқызы, Ключникова Валентина Ефимовна, Матаев Сейітқазы Бейсенғазыұлы, Мұхамеджанова Нұржан Жалауқызы, Танысбай Ләззат Мұратқызы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК